

Білім беру ұйымы: МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Логопедтік: «Еркемай» тобы

Балалардың жасы: аралас (3-4 жастағы)

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппарат .Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:</p>

		<p>ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін. Заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p>
Көркем әдебиет		<p>Шығармашылық сөйлу іс әрекеті Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Шығармаларды қабылдау Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау.</p> <p>Оқу әңгімелеу Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Мазмұндау Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп айтуға баулу. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға булу. Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Көп Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> <p>Саны, есебі Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шамасы Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Уақыт бойынша бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары күммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, күмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау және т.б.)</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі Табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу және т.б.);</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Заттар әлемі Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Жол ережелері Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалының құрылысы Көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын</p>

	<p>құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Қағаз құрылысы . Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс Тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру .</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Сюжетті сурет салу қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Сәндік сурет Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді;</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p> <p>Сюжеттік жапсыру Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Ұлттық ою-</p>

		<p>өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау.</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Билер:Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Ойындар,хороводтар:Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>